

Тақырыбы: Жаз мезгілінде мектеп оқушыларының бос уақыттарының қамтылуын ұйымдастыру жұмыстарының қорытындысы

Қаралды: өндірістік кеңесте

Мерзімі: мамыр 2022 жыл

Тексеру мақсаты: Оқушылардың жаз уақытында бос уақытының қамтылуы мен жазғы демалыс орындарын ұйымдастырылу деңгейін қадағалау

Тексеруші: ДТЖО Г.У.Исмагулова.

2022 жылдың маусым айында мектеп жанындағы сауықтыру алаңын ұйымдастыру жоспарлануда. Маусым - тамыз аралығында ұйымдастырылатын сауықтыру алаңы мен үйірмелар жоспары құрылуда. Мектеп алаңындағы сауықтыру лагерінде бастауыш сынып мұғалімдері, жантанушы, орыс тілі пәні мұғалімі, ағылшын тілі, қазақ тілі пәні мұғалімдері жұмыс атқарады. Сонымен қатар үйірме жетекшілері де оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруға атсалысады.

МДС-6 сынып аралығында барлығы 442 оқушының жаз мезгілі уақытында мектеп жанындағы алаңға 442 оқушының барлығын қамту көзделіп отыр. Әлеуметтік санат бойынша 12 оқушы шілде айында қала сыртындағы лагеріне апарылады.

Мектепшілік әртүрлі есепте тұрған білім алушылардың жаз мезгілінде мектеп алаңында ұйымдастырылатын сауықтыру лагеріне қатысуы сынып жетекшілері тарапынан қатаң қадағалануда. Мектепшілік есепте тұрған Ермекбаева Жансая, Нуралина А, Сэдман Д, Тургумбекова М жаз мезгіліндегі бос уақыттарының қамтылуы бойынша сынып жетекшілері ата-аналарымен жұмыстар жүргізуде.

Оның сыртында тегін тамақтанатын аз қамтылған, табыс көзі күнкөріс деңгейінен төмен, мүгедек, қамқорлықта тәрбиеленуші, дамуы баяу 89 оқушылар арасына 12 оқушы қаладан тысқары «Болашақ» сауықтыру лагеріне 25.06.2022-04.07.2022 аралығында барады. Оның 2 – ы табыс көзі күнкөріс деңгейінен төмен отбасынан, 5–ы атаулы әлеуметтік көмек алушылар, ал 5-і басқа санаттағы отбасы балалары. Қаладан тысқары сауықтыру «Болашақ» лагеріне баратын оқушылардың ата-аналарымен вацап желісі, жеке кеңестер арқылы түсіндірме жұмыстары мен ережелер түсіндірілді. Әлеуметтік желі арқылы үнемі байланысқа шығып отырылды. Онда «Ата – аналарға» мектептің әлеуметтік педагогы қаладан тысқары сауықтыру лагеріне барғанда не қажет, қалай дайындалу керек, баратын уақыты т.с.с. айтты, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай – ақ мектеп жанындағы лагердегі жағдайлары, тамақтануы, бару – келу туралы да айтылды. Оқушылардың және ата – аналардың байланыс телефондары, мекен – жайлары, ұялы телефондары алынды. Ата – аналарға қаладан тысқары сауықтыру лагеріне барғанда ескеретін жағдайлар толтырылған парақшалар онлайн вацап желісі арқылы таратылды. Жазғы демалыс уақытында оқушылардың бос уақыты ұйымдастырылуы керектігі, сондай – ақ қадағалаусыз бос жүрген оқушылардан тәртіп бұзушылық кездесіп қалуы мүмкіндігін ескертілді. Ата – аналардың өз балаларына мұқият қадағалау жүргізулеріне шақырды.

Жаз мезгіліндегі оқушылардың бос уақыттарының қамтылуы, оқушылардың үйірме, секцияларға қатысуы және өмір қауіпсіздік ережелерін сақтауы тақырыбында 20.05-22.05.2022ж. күнгі өткізілген сыныптың ата-аналар жиналысы барысында түсіндіріліп, қажетті ақпараттар берілді. Оқушыларға жаз мезгіліндегі қауіпсіздік тақырыптарында дәрістер оқылып, таныстырылды.

Ұсыныс:

1. Мектеп алаңында ұйымдастырылатын сауықтыру лагеріне МДС-6 сынып аралығындағы оқушылардың келуі сынып жетекшілері тарапынан қатаң қадағаланса.

2. Мектепшілік қауіп-қатер тобындағы және мектепшілік, қалалық есепте тұрған оқушылардың жаз мезгіліндегі бос уақытының қамтылуы сынып жетекші тарапынан қатаң қадағаланса.
3. Мектеп жанындағы лагерьде тегін тамақтануға жататын категория бойынша МДС – 6 сынып оқушыларының толық қамтылуы қадағаланса.

Шешім:

1. Мектеп алаңында ұйымдастырылатын сауықтыру лагеріне МДС-6 сынып аралығындағы оқушылардың келуі сынып жетекшілері тарапынан қатаң қадағалансын./ М-6 сынып жетекшілері
2. Мектепшілік қауіп-қатер тобындағы және мектепшілік, қалалық есепте тұрған оқушылардың жаз мезгіліндегі бос уақытының қамтылуы сынып жетекші тарапынан қатаң қадағалансын.
3. Мектеп жанындағы лагерьде тегін тамақтануға жататын категория бойынша МДС – 6 сынып оқушыларының толық қамтылуын қадағалансын.

Мектеп директоры:

К.Б.Шинбулатова